

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1006 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 70 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 16 шілдедегі N 687 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 16 шілдедегі N 687 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қару-жарағын, әскери техникасын, қорғаныс объектілері мен басқа да әскери мүлкін беру, мүліктік жалдауға беру (жалға беру), сату және пайдаға асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1006 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қару-жарағын, әскери техникасын, қорғаныс объектілері мен басқа да әскери мүлкін беру, мүліктік жалдауға беру (жалға беру), сату және пайдаға асыру ережесінде:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) пайдаға асыру өнімдері - әскери мүлікті пайдаға асыру нәтижесінде алынған мүлік." ;

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Қару-жарақ, әскери техника мен пайдаға асыру өнімдері заңды және жеке тұлғаларға тек оларда тиісті қызмет түрлеріне лицензиялары болған кезде сатылуы мүмкін." ;

68-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте оқ-дәрілерді пайдаға асыру өндірісі үшін олардың оқ-дәрілерді пайдаға асыру өнімдерін сату жөнінде қызметтер көрсетуі міндетті шартымен заңды тұлғалар тартылуы мүмкін." ;

71-тармақтағы "пайдалану" деген сөз "сату" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

